

Бекітемін:

Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы :Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.03 - 20.03.2025ж.

Апта күндері	Дүйсенбі		Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) Күй күмбірі , «Көңіл толқыны»					
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Кенес, "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.					
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Максат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Максат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды үйрету. (еңбек дағдылары)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Максат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Максат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру,		

	адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)			сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	
	ҚР. Әнұраның орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Менің көңіл-күйім» Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .	"Киіз басу" рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас	Дидактикалық ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар". Мақсат-міндеттер: балаларды тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. Өнерге баулу. Ойын барысы. Балаларға түрлі аспаптардың әуенін қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауға үйрету.	Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның	

	Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.	көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Шағын кітапхана «Кітаптар әлемі» Мақсат-міндеттер: Балалардың кітапқа деген қызығушылын арттыра отырып, ұқыпты ұстауға үйретеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)		мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. (танымдық дағдылар)	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде 1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу. 1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).				

	2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді; 2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде 3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді; 3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде 4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа). 4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем. (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. (сөйлеуді дамыту)	"Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Шаттық шеңбер Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем.	

				(сөйлеуді дамыту)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Аю сияқты алақан мен табанды тіреп еңбектеу". Мақсат-міндеттер: балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету	Қазақ тілі "Музыкалық аспаптар шеберханасы. Наурыз мерекесі." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі туралы түсініктерін дамыту, Қазақстан халықтарының ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру; қазақтың ұлттық аспаптары: домбыра, қобыз, сырнаймен таныстыруды жалғастыру; балалайка, дутар жайлы түсінік беру; музыкалық аспаптар шеберінің еңбегі жайлы білімдерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық аспаптары мен Қазақстанда тұратын өзге ұлт аспаптарының атауларын еске сақтауды үйрету; ұлттық музыкалық аспаптарға, қазақтың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылықтарын дамыту;	Дене шынықтыру "Кімді мерген деп санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыруға (3,5–6,5 метрден кем емес) үйрету.	Музыка "Домбыра". (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру	

		аспаптардың шығаратын үндерін дыбыстау арқылы артикуляцияларын дамыту; еске сақтау қабілетін, ой-өрістерін дамыту. Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне деген достық қарым-қатынасқа, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Музыка "Домбыра". Максат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: ағаштардың көктемде	Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер:	Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Тақпақ.	Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша). (қоршаған	

	тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін	балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.	Көк орманда көп ағаш, Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше, Құс ұясы бар ағаш. Бақылау. Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру Тәжірибе. Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады. Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету. Еңбек. Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Жақсы көретін ойыншықтармен ойнау. Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Жұмбақ. Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кеңелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш) Тақпақ. Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. Бақылау. Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы	
--	--	---	--	--	--

	жетілдіру.		(дене шынықтыру)	өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене шынықтыру) Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. Еңбек. (еңбек	
--	------------	--	------------------	--	--

				дағдылары) Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Ойын барысында бір- бірімен қарым- қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет) Ұлттық ойын. Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында	Дидактикалық ойын: «Құлыпты аш» Мақсат-міндеттер: логикалық ойлай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Дастарханды жаяйық дидактикалық ойыны". Мақсат-міндеттер: балалардың қонақты қарсы алу, дастарханды жаю дәстүрі туралы ұғымдарын жетілдеру, кеңейту; наурыз көженінің азықтық құрамымен таныстыру, дәстүрлі ұлттық тағам атауларын, олардың жасалу негіздері жөнінде білімдерін тиянақтау. Ұлттық ойын. Ақсүйек Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей,	"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықта рын ояту. (көркем әдебиет) Ұлттық ойын. Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына	
--	--	---	--	--	--

	түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. (дене шынықтыру)	болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. (дене шынықтыру)	көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді. (дене шынықтыру)	жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын	
--	---	---	--	--	--

				жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. (дене шынықтыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу)	"Көңілді сан" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. (математика негіздері)	Көктемгі ағаштар» сурет бойынша әңгіме.	Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат- міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу)	
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)	«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.	Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау.	«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу.	

